

Критериалды бағалау – оқушылардың жетістігін бағалаудың балама жүйесі



Критериалды бағалау –

берілген жүйе бойынша оқушының оқу жетістігін алдын-ала барлық қатысушыларға белгілі (оқушыларға, мектеп әкімшілігіне, ата - анасына және заң өкілдеріне) нақты анықталған, ұжымдасып жасалған критерийлермен салыстыруға негізделген үдеріс.

Бұл бағалау жүйесі ең алдымен оқушыларды жақсы оқуға жетелеп, оның өсу қарқыны мен біліміндегі ақауларды анықтауға бағытталған.

Критерийлер -

талапқа сай бір нәрсені бағалауда қабылданатын ережелер немесе белгі, негіздеме. Критерийлер оқу тапсырмасының дұрыс орындалу жолдарының айқын, нақты көрсетілген көрсеткіштерінен тұрады, ал осы көрсеткіш бойынша бағалау – оқушының белгіленген мақсатқа қандай деңгейде жеткенін анықтау болып табылады.



Рубрикатор

(бағалау бойынша нұсқаулық) –

әрбір критерий бойынша
оқушының жетістігі
жазылған нақты
сипаттама және соған
сәйкес ұпай саны.



Дескриптор –

оқушының ең жақсы нәтижеге жетудегі әрбір қадамын сипаттайтын нақты бір ұпай бойынша жетістік деңгейі, әрбір деңгей белгілі ұпай санымен бағаланады: жетістік жоғары болған сайын – сол критерий бойынша ұпай да көп болады.



**Білім
беру**

Бақылау

Дамыту

**Критериалды
бағалаудың
қызметі**

**Қызық-
тыру**

**Диагнос-
тикалау**

**Тәрбие-
леу**

**Бағалаудың
түрлері**

Formative

**Оқыту
үшін
бағалау**

Summative

**Оқытуды
бағалау**

Қалыптастырушы (формативті немесе ағымдағы) бағалау-

сабақта немесе үйде күнделікті жұмыс үрдісінде білімі мен дағдысының ағымдағы дәрежесін анықтау, оқу үрдісінде оқушы мен мұғалім арасындағы байланысты жандандыру. Ол оқушыларға білім алудың мақсаты мен міндеттеріне қаншалықты жеткені, жаңа тақырып меңгеру кезінде тапсырманы қаншалықты дұрыс орындап жатқаны туралы түсінік береді;

Қалыптастырушы бағалау әртүрлі формада іске асады (ауызша сұрау, жазбаша, практикалық жұмыстар, мадақтау, көтермелеу, т.б.) және жиынтық бағалауға дейін мұғалімге де, оқушыға да оқу барысында кеткен кемшіліктерін түзетуге, қайта қарауға мүмкіндік береді.



Жиынтық бағалау (суммативті) –

белгілі бір мерзімдегі
(тоқсан, жартыжылдық,
жылдық) оқу жетістігінің
деңгейін анықтау үшін
орындалатын оқушының
жұмысы.





Жиынтық бағалау әртүрлі болады (тест, сынақ, бақылау жұмысы, т.б.). Жиынтық жұмысқа қойылған баға белгілі бір мерзімді (тоқсан, жартыжылдық, жылдық) қорытындылауды анықтайтын баға болып табылады.



Ұпайды мектеп бағасына айналдыру шкаласы

Баға	Балдар
2	0-12
3	13-17
4	18-21
5	22-24

Ең жоғары ұпай саны - 24

5 балдық шкаладағы бағаның сипаты

5 ұпай – үздік

4 ұпай – жақсы

3 ұпай – қанағаттандырылған

2 ұпай – қанағатсыздандырылған



Баға	ДЕСКРИПТОР
5	Білім берудегі күтілетін нәтижеге сәйкес пән бойынша білім, біліктері мол және оларды өте көп жағдайда мүлтіксіз қолдана алады. Мақсатты түрде талдау, жинақтау, бағалауды үнемі қолданады. Оқушы көрегендігі мен бірегейлігін барлық жағдайларда көрсете отырып, тапсырманы жоғарғы сапада орындап шығады.
4	Пән бойынша талап етілетін білім және білік туралы нақты және толық түсініктері бар. Оқушылар негізінен талдау, жинақтау, бағалау дағдыларын көрсете алады және арасында көрегендігі мен бірегейліктерін танытады.
3	Пән бойынша барлық тапсырмаларды орындаудағы жетістіктері шектеулі немесе кейбір тақырыптардан қиналады . Пән бойынша талап етілетін білім және білік туралы түсініктері шектеулі, қолдау көрсеткенімен кейбір өмірде кездесетін таныс жағдайларда ғана толыққанды пайдалана алады .
2	Пән бойынша барлық тапсырмаларды орындаудағы жетістіктері өте шектеулі . Пән бойынша талап етілетін білім және білік туралы түсініктерінде қиындық бар, қолдау көрсеткенімен кейбір өмірде кездесетін жағдайларда толыққанды пайдалана алмайды

Тілдік емес пәндер және оқу тілі бойынша оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау

Критерий	Критерийдің сипаттамасы	Критерий бойынша балдар
А Білім және түсіну	Терминологияны, нақты деректерді, формулаларды, алдын-ала оқылған ақпаратқа сәйкес есте сақтау, олармен жұмыс тәсілдерін және құралдарын білу . Ақпараттық материалдарды жете түсінушілік және түсіну .	6 балл
В Қолдану	Жаңа, нақты жағдайларда, мәселені шешуде тапсырманы орындаудың қолайлы тәсілі ретінде алдын–ала оқылған ақпаратты қолдану . Қоршаған ортаға және технологияға қатысты өмірлік әлеуметтік, этикалық, нарықтық жағдайларда пән бойынша білімді қолдану . Оларды қолдану оқушылардың бойына білім алуға деген, өздерінің күшіне сенімділіктің артуына көмектеседі.	6 балл

<p>С Анализ және синтез</p>	<p>Анализ: әр түрлі қорытынды алу үшін ынта жолдарын анықтап немесе себептерін, ой тұжырымдамасын осы ақпаратқа жалпы ережені негіздеу үшін ақпараттық материалдарды құрайтын бөліктерге бөлу, үйрену (және ұйымдық құрылымды түсіну әрекеті).</p> <p>Синтез: ғылыми зерттеу үрдісінде жаңа немесе өзіндік өнім жасауда креативті және жан-жақты алған білімін және біліктілігін қолдана алу.</p>	<p>6 балл</p>
<p>Д Коммуникация</p>	<p>Өз ұстанымын диалог және монологтік тәсілдерді қолдану арқылы басқаларға жеткізе алу. Басқалардың да ұстанымын (көзқарасын, қызықтыратын нәрселерін) түсіну. Бірлесіп жұмыс істеу үшін басқалармен келісім жүргізе алу, олардың көзқарасы мен қызықтыратын мәселелерін өзінікімен ұштастыра алу.</p>	<p>6 балл</p>
<p>Жалпы балл</p>		<p>24</p>

Екінші және шетел тілдері бойынша оқушылардың оқу жетістіктерінің бағалау критерийлері

Критерийлер	Критерийлердің қысқаша сипаттамасы	Балдар
А Тыңдалым	<p>Оқу бағдарламасы шеңберінде әр түрлі тақырыптардың негізгі мазмұнын түсіну және өзекті ақпараттарды тану.</p> <p>Контекст бойынша сөз мағынасын анықтау, сөйлеушінің пікірін тану біліктілігі.</p> <p>Оқушы деңгейіне сәйкес, әр түрлі текст үлгілерінің мазмұнын қабылдау және түсіну біліктілігі: естігеннің негізгі мазмұнын түсіну, тексттің бөлшектеріндегі таныс сөздерге, сөз орамдарына және айтылуларға сүйене отырып керекті/ нақты ақпаратты таңдау және қолдану.</p>	6 балл
В Оқылым	<p>Пәннің оқу бағдарламасы шеңберінде көркемдік және ғылыми тақырыптағы текстердің негізгі мазмұнын түсіну және ақпаратты іздеудің әр түрлі стратегиясын қолдана отырып олардан негізгі ақпаратты бөлу.</p> <p>Контекст бойынша сөздердің мағынасын анықтау, автордың пікірін және оған көзқарасын тану, сөз мағынасын және оқығанды терең түсіну үшін әр түрлі сандық және қағаз түріндегі дереккөздерді пайдалану.</p>	6 балл

<p>С Жазылым</p>	<p>Пәннің оқу бағдарламасы шеңберінде әр түрлі тақырыптағы жазба жұмыстарын жоспарлау, жазу және түзету.</p> <p>Оқығанына сыни тұрғыда пікір білдіру, шынайы және ойдан шығарылған оқиғаны жаза білу біліктілігі.</p> <p>Әр түрлі сөз тізбектерін пайдалана отырып, айқын стильді ұстанып орфографиялық және грамматикалық қатесіз, сауатты жазу біліктілігі.</p>	<p>6 балл</p>
<p>Д Сөйлесім</p>	<p>Пәннің оқу бағдарламасы шеңберінде түрлі тақырыптарға сай ресми және ауызекі сөйлеу стиліндегі сөздерді орынды пайдалану.</p> <p>Өз құрдастарымен тапсырма орындау процесіне қатынасу, түсініктерге жауап қайтару, керекті ақпарат алуда күрделенген сұрақтарды қоя алу біліктілігі. Оқиғаларды қайта мазмұндау, қажетті арнайы лексиканы сауатты қолдана алу біліктілігі.</p>	<p>6 балл</p>
<p>Барлығы</p>	<p>24</p>	

*Назарларыңызға
рахмет!*

